

Көсембай негізгі мектебі

Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

Күні: 17.10.2023.

Тақырыбы: «Кітапты – жан азық деп қанып іш..»

Мақсаты мен міндеттері:

*Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру;

*Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсінік беру;

*Оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын дамыту.

Әдісі: сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтері, көрнекіліктер арқылы ой түйіндеу.

Көрнекі құралдар: презентация, видеорлик, кітап туралы нақыл сөздер, wordwall платформасы, кітап сыртының суреттері.

Түрі: танымдық – ойын сабақ.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. «Кітап – оқу жабдығы, білім сандығы»

2. «Кім көп біледі?»

3. «Кітапты мұқабасынан таны»

4. «Кітап - алтын қазына»

Кітапханашы: «Артық ғылым – кітапта, ерінбей оқып көруге» - деп қазақтың бас ақыны айтпақшы, балалар кітаптың шығу тарихын біле міз бе?

Кітапқа арналған нақыл сөздердің мағынасын ашып, кімнің сөзі екенін сұрау.

1. «Мен өз бойымдағы бар жақсы қасиеттерім үшін кітапқа қарыздармын» деген кім?

(М.Горький)

2. «Кітап маған тақтан да қымбат» - кімнің сөзі? (Шекспир)

3. «Артық ғылым – кітапта, ерінбей оқып көруге» - кімнің сөзі? (Абай)

Кітаптың шығу тарихы. Презентация. «Александрия кітапханасы»

Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалды. Ксилография қалыбы XI ғасырда пайда болды. Ал 1045 жылы Шын елінің өнерпазы Би Шен құймалы әріптерді жасап шығарды. Еуропада тұңғыш рет XVI ғасырда неміс өнертапқышы Гутенберг баспа станогін жасады. Ресейде тұңғыш басылымды 1564 жылы Мәскеуде Иван Федоров пен Петр Мстиславец басып шығады.

Кітап – заманымыздың өмірі. Ол кәріге де, жасқа да қажет. Ол кәріге де, жасқа да қажет. Біз кітаппен күн сайын кездесеміз. Кітап адамның дүниетанымын кеңейтіп, рухани дүниелерді оятып, Отан, туған жер, тарих туралы әңгімелерімен сыр шертеседі.

2. «Кім көп біледі?» Wordwall платформасы мен кітап, кітапханаға байланысты викториналық сұрақтар.

3. «Кітапты мұқабасынан таны» «Әрбір адамның ең жақын өмірлік досы – кітап болуы тиіс» - деп Мұхтар Әуезов атамыз айтқандай, оқыған танысқан кітаптарыңыздың сыртын қаншалықты есте сақтайтындарыңызды тексеріп көрейік.

Бұл бөлімде көркем әдеби, танымал бестселлердің сыртқы мұқабасынан қандай кітап екенін тауып мәлімет беру керек.

Суреттері берілген кітаптар: М.Әуезов. Қорғансыздың күні. Абай. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.

Тарихи тұлғалар. М.Твен. Том Сойердің басынан кешкендері. Р.Стивенсон. Қазына аралы. Б.

Момышұлы. Ұшқан ұя. І.Жансүгіров. Құлагер. У.Айзексон. Стив Джобс. Алпамыс батыр. Н.Вуич.

Өмірде шектеу жоқ.

4. **«Кітап алтын қазына»** Кітаптың ұлы адамдар өміріне тигізетін пайдасы туралы айта кетейін.

Өз бетімен кітап оқып, оның көмегімен үздік білім алған, сөйтіп атақты ғалым болған адамдар

да дүние жүзінде аз емес. Мысалы әлемге әйгілі ағылшын физигі Майкл Фарадей бала кезінде кедейліктен оқи алмай жұмыс істейді. Ол кітап түптеп күн көреді. Ақырында өз бетінше білім алып, дүниеге белгілі ғалым болады. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы өз білімін өз бетімен ізденуінің, кітапты көп оқуының арқасында жетілдіреді әрі бірнеше тілді меңгереді, алдыңғы қатарлы ойшылдардың еңбектерімен танысады. Ұлы ақын, ойшыл дәрежесіне дейін көтеріліп, бүкіл әлемге танылады. Ал, М.Горький болса «Мен өз бойымдағы жақсы қасиеттерім үшін алдымен кітапқа борыштармын» деген екен. Ломоносов та жас шағында оқуға шамасы келмей, әбден есейген кезде оқыған. Ол көп ізденіп, көп оқы арқылы дүние жүзіне белгілі ғалым болды.

Сонымен қатар сіздерге біле жүрсің деп кітапқа байланысты 23 түрлі мәліметпен таныстырамын.

- Супермен кітабы ең алғашқы комикс болып саналады.
- Ең ежелгі кітап жазушылары - Элизабет пен Сара Делани.
- Авторлық құқықпен қорғалған ең көп сатылатын кітап - «Гиннестің рекордтар кітабы».
- Әлемдегі ең кішкентай кітапты оқи білу үшін сізге электронды микроскоп қажет.
- Алғашқы кітаптар балауыздан және ағаштан жасалған.
- Алғашқы кітаптар шамамен 2000 жыл бұрын пайда болды.
- Кітаптар - нәзік және қысқа мерзімді өнімдер.
- Кітап басып шығару алғаш рет Қытайда пайда болды.
- АҚШ-та нанотехнологияны қолдана отырып кітап жасалды. Ол электронды микроскоптың көмегімен ион сәулелерімен жазылған.
- Кітапты 68,6 минут оқу стресстен арылтады - мұны Сассекс университетінің ғалымдары дәлелдеді.
 - Кітапты оқитын адам кейіпкерімен сәйкестендіреді.
 - Кітап эмпатияны дамытады.
 - Робинзон Крузо алғашқы ағылшын романы болып саналады.
 - Тек орта ғасырларда ғана кітаптары бар кітапханалар пайда болды.
 - Сол кезден бастап «Кішкентай ханзада» 59.140 миллион дана сатылды.
 - Ең қалың кітап – салмағы 8 килограмм болатын Википедияның нұсқасы.
 - Құран мұсылмандардың қасиетті кітабы бодып саналады.
 - 1996 жылдан бастап Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні атап өтіледі.
 - Машинкада басылған алғашқы кітап – «Том Сойер»
 - Әлемдегі ең қымбат кітап - итальяндық суретші жазған Лестер кодексі.
 - Кітап ұрлайтын адамды библиоклептомания деп атайды.
 - Әлемдегі барлық кітаптардың 21,68% әйелдер сатып алады.
 - 4-6 жастағы бала кітап оқуды жақсы үйренеді.

Кері байланыс: «Кітап бізге не үшін керек? Бір –екі сөйлеммен өз ойларыңызды жазыңыздар.

Қазақстанның әрбір азаматы білімді, мәдениетті, өнерлі болуы керек. Ол үшін терең білім қажет. Ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқудың маңызы зор. Сондықтан кітаппен дос болыңыздар!



kitaphana_knm



Нравится meiramgul.kalieva и ещё 20

kitaphana_knm "Кітапты жан азық деп қанып іш..."

атты кітапханалық танымдық ойындар сағаты

өтілді. Мақсаты: білімнің кітап арқылы

берілетінін, адам өміріндегі маңызы, ғылым мен

пайдасын түсіндіру. Өткізген: Қалиева Б. С

@oiyl_bilim_bolimi @aqtobe_bilim_basqarmasy

@oiyl_akimdigi @aqtobe_akimat

#балаларкітапханасыжобасы#оқуғақұштармекте

пжобасы#күзгіканикулақтөбе2023

#күзде_біз_жалықпаймыз_кітап_оқимыз

Смотреть все комментарии (3)

nazgulsayan2022 🔥🔥🔥

